

**Ішкі істер әскерлерінің және Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің мерзімді қызметтегі әскери қызметшілеріне қалалық қоғамды көлікте (таксиден басқа) жүру жолақы жеңілдігін беру туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе қалалық мәслихатының кезекті отыз бесінші сессиясының 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 299 шешімі. Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 17 қаңтарда N 3-1-65 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009 жылғы 27 қазандағы № 198 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2009.10.27 № 198 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексінің 53 және 63 баптары, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 және 7 баптары, Ақтөбе облыстық әкімінің 2000 жылғы 24 қаңтардағы N 12 " Жеңілдікпен жүретін азаматтардың құқығын қамтамасыз ететін Тәртіпті бекіту туралы" шешімі негіздерінде Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қалалық бюджет қаражаты есебінен қоғамдық көліктерде (таксиден басқа) жүру жолақы жеңілдігі ішкі істер әскерлерінің және Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің мерзімді қызметтегі әскери қызметшілеріне берілсін.

2. Осы шешім 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

*Сессия төрайымы*

*Мәслихат хатшысы*